

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 27 қаңтардағы № 22 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 28 қаңтарда № 35682 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыру;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың 1) және 2) - тармақтарында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі*

С. Жакупова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы нарығын реттеу

және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Су ресурстары және ирригация министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Туризм және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму,

инновациялар және аэроғарыш

өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи

ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2025 жылғы 27 қаңтардағы
№ 22 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларын, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33317 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларында, сондай-ақ оларға қойылатын талаптарда:

осы тізбеге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 6

қыркүйектегі № 374 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33387 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану қағидаларында:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тану орталығы өтініш тіркелген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде кандидат ұсынған құжаттардың толықтығын және өтініштің дұрыс толтырылуын тексереді.

Кандидат (кандидаттар) құжаттардың толық топтамасын берген және осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде өтінішті дұрыс толтырған кезде тану орталығы кандидатпен (кандидаттармен) кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасады.

Толық емес құжаттар топтамасы ұсыналған және (немесе) өтініш дұрыс толтырылмаған, ұсынылған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің анық емес екені белгіленген кезде, тану орталығы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімдерде кандидатқа оларды жою үшін ескертулері бар хабарламаны қағаз немесе электрондық нысанда ҰБЖ цифрлық платформасы арқылы жібереді.

Кандидат хабарлама жіберілген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды қағаз немесе электрондық нысанда ҰБЖ цифрлық платформасы арқылы тану орталығына қайта ұсынады.

Кандидат осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған және (немесе) хабарламада көрсетілген ескертулер жойылмаған кезде тану орталығы хабарлама жіберілген күннен кейін үш жұмыс күні ішінде кандидатқа тану орталығының басшысы қол қойған кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасудан дәлелді бас тартуды қағаз немесе электрондық нысанда ҰБЖ цифрлық платформасы арқылы жібереді.

Тану орталығының кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызмет көрсетуге шарт жасасудан бас тартуымен келіспеген кезде тану орталығының және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен реттеледі.

6. Кандидатпен (кандидаттармен) кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметті көрсетуге шарт жасасқан күннен кейін бес жұмыс күні ішінде тану орталығы кандидатқа (кандидаттарға) кәсіптік біліктілікті тану рәсімін өткізу күні, уақыты және орны туралы хабарлама жібереді.

Осы Қағидалардың 7 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, хабарламаны жіберу күні мен кәсіптік біліктілікті тануды өткізу күні арасындағы кезең кемінде он жұмыс күні және жиырма жұмыс күнінен аспайды.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Кәсіптік біліктілікті офлайн режимде тану рәсімін жүргізу кезінде тану орталығы мыналарды қамтамасыз етеді:

1) "Мүгедектігі бар адамдардың жұмыс орны стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 26 мамырдағы № 179 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32613 болып тіркелген) бекітілген кандидаттарға, оның ішінде мүгедектігі бар адамдарға мүгедектігі бар адамдардың жұмыс орны стандартының талаптарын сақтай отырып, кәсіптік біліктілікті тану рәсімдеріне қол жеткізу;

2) Заңның 17-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес бекітілген біліктілік бағдарламасында белгіленген талаптарға сәйкес жабдықтың және (немесе) ақпараттандыру объектісінің болуы;

3) кәсіптік біліктілікті тану рәсімінің ашықтығы мен объективтілігі.";

11-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тану орталығы кандидатқа:

мүгедектігі бар адамдарға оның тыныс-тіршілігінің шектелу дәрежесін ескере отырып, оған қол жеткізуді қамтамасыз ету шартымен, кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту үшін ақпараттандыру объектісін;

Skills Enbek платформасында онлайн прокторинг орнатуға сілтеме береді.";

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Апелляциялық комиссияны тану орталығы кандидаттың кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту қорытындылары бойынша нәтижелерді қайта қарау кезеңінде емтихан комиссиясынан бөлек құрады.";

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Апелляциялық комиссия кандидаттың өтінішін алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде ол бойынша шешім қабылдайды және оны кандидатқа жібереді.

Апелляция кандидаттың теориялық білімдерін, практикалық машықтар мен дағдыларын, оларға жауаптарының дұрыстығын тексеруге арналған тапсырмалар мазмұнының сәйкестігі тұрғысынан қаралады.

Апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссияның хаттамасы тану орталығында оған қол қойылған күннен бастап үш жыл бойы сақталады.

23. Апелляциялық комиссияның оң қорытындысы болған жағдайда тану орталығы осы Қағидалардың 18-тармағында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен оның кәсіптік біліктілігін тану туралы құжат береді.

Кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен өту нәтижелері бойынша шешім қабылдау кезінде кандидаттың іс-әрекеттеріне байланысты емес техникалық сәйкессіздіктер

анықталған кезде тану орталығы кандидатты осы Қағидалардың 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-тармақтарында белгіленген мерзімдер мен тәртіппен кәсіптік біліктілікті тану рәсімінен қайта өтуге жібереді."

3. "Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 қыркүйектегі № 377 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33401 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларында:

4, 5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Кәсіптік стандарт осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес кәсіптік стандарттың құрылымы бойынша ҰБЖ цифрлық платформасында кәсіптік қызмет түріне әзірленеді және кәсіптердің карточкаларынан (карточкасынан) тұрады.

Кәсіптік қызмет түрі Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) бойынша бесінші белгіге (кіші класқа) сәйкес айқындалады.

Кәсіптік стандарттың карточкаларындағы (карточкасындағы) кәсіптердің атауларына ҰКС-дан алынған қызметтер атауларына сәйкес келеді.

5. Кәсіптік стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру кәсіптер бойынша бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, олар бойынша кәсіптік біліктіліктерді тану Заңда белгіленген тәртіппен, Кәсіптік біліктіліктер жөніндегі ұлттық кеңестің (бұдан әрі – Ұлттық кеңес) және (немесе) жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының) өз қаражаты негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық кеңестің бюджет қаражаты есебінен кәсіптік стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру жөніндегі ұсынымдарын алу үшін мемлекеттік органдар жыл сайын жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін Ұлттық кеңеске кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестермен (бұдан әрі – салалық кеңестер) келісілген осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тиісті жылға арналған Кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөніндегі жоспарға (бұдан әрі – Жоспар) ұсыныстарды жібереді.

Ұлттық кеңес Жоспарға ұсыныстарды алған күннен кейін оларды қарайды және мемлекеттік органдарға кәсіптік стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру жөніндегі ұсынымдарды жібереді.

6. Мемлекеттік органдар жыл сайын, тиісті жылдың 1 қаңтарына дейін уәкілетті органға Ұлттық кеңестің ұсынымдарын қоса бере отырып (бар болса) Жоспарға ұсыныстар жібереді.

Жоспарға ұсыныстарды мемлекеттік органдар жұмыс берушілер бірлестіктерінің (қауымдастықтарының, одақтарының) (бар болса) ұсыныстарын ескере отырып, қалыптастырады және мемлекеттік органның (оның ішінде, жауапты тұлғаның тегі, аты

және әкесінің аты (бар болса) кәсіптік стандарттардың, кәсіптік стандарттар саласының (аясының), кәсіптер карточкаларының (карточкасының) атауларын, кәсіптік стандарттарды бекіту мерзімін және кәсіптік стандарттарды әзірлеу бойынша қызметтерді қаржыландыру көзін қамтиды.

Белгіленген мерзімнен кейін уәкілетті органға енгізілген Жоспарға мемлекеттік органдардың ұсыныстары қаралмайды.

7. Уәкілетті орган жоспарланатын тиісті жылдың 1 ақпанына дейін:

мемлекеттік органдардың ұсыныстарын қарайды және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Жоспарды бекітеді;

бекітілген жоспарды одан әрі іске асыру үшін мемлекеттік органдарға және ҰБЖ цифрлық платформасында орналастыру үшін кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органға (бұдан әрі – Ұлттық орган) жібереді.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) салалық мемлекеттік органдармен келісу бойынша меншікті қаражаты есебінен кәсіптік стандарттың жобасын дайындап, салалық мемлекеттік органның қарауына жібере алады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кәсіптік стандарт жобасын әзірлеу аяқталғаннан кейін:

1) жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) кәсіптік стандарттың жобасын мемлекеттік органға жібереді, ол оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және:

пысықтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар болған кезде оларды жұмыс берушілердің бірлестіктеріне (қауымдастықтарына, одақтарына) жібереді. Кәсіптік стандарттың жобасын бес жұмыс күні ішінде жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) пысықтайды және мемлекеттік органға қайта жібереді;

пысықтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар болмаған кезде түсіндірме жазбаны қоса бере отырып, кәсіптік стандарттың жобасын электрондық нысанда ҰБЖ цифрлық платформасы арқылы салалық кеңестің қарауына жібереді;

2) мемлекеттік орган салалық кеңеске осы тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес кәсіптік стандарттың жобасын жібереді.";

мынадай мазмұндағы 8-1, 8-2, 8-3- тармақтармен толықтырылсын:

"8-1. Кәсіптік стандарттың жобасы келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салалық кеңес кәсіптік стандарттың жобасын ескертусіз қарайды немесе мемлекеттік органға кәсіптік стандарттың жобасы бойынша ұсынымдарды жібереді.

Салалық кеңес кәсіптік стандарттың жобасын кәсіптік қызмет саласы мен еңбек қызметінің түріне (кәсіптік топқа және кіші топқа), жұмыс құрамына, білім деңгейіне, арнайы даярлыққа сәйкестігін қарайды.

8-2. Мемлекеттік орган салалық кеңестің ұсынымдарын алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кәсіптік стандарттың жобасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді жүзеге асырады.

Салалық кеңес осы Қағидалардың 8-1-тармағына сәйкес кәсіптік стандарттың жобасын қарайды. Салалық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді.

8-3. Салалық кеңестің келісімін алғаннан кейін мемлекеттік орган үш жұмыс күні ішінде электрондық нысанда ҰБЖ цифрлық платформасы арқылы, салалық кеңесті келісу туралы хаттаманы қоса бере отырып, кәсіптік стандарттың жобасын Ұлттық органға жібереді.";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ұлттық орган кәсіптік стандарттың жобасын алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік органға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіптік стандарттың жобасына сараптама қорытындылары жөніндегі қорытынды жібереді.

Кәсіптік стандарт жобасының сараптамасы кәсіптік стандарттың белгіленген құрылымына қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан жүргізіледі:

- 1) негізгі бөліктің сипаттамасын бағалау;
- 2) кәсіп карточкаларының (карточкасының) мазмұнын бағалау.

10. Мемлекеттік орган Ұлттық органның қорытындысын алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде кәсіптік стандарттың жобасын қорытындыны ескере отырып пысықтайды және оны Ұлттық органға қайта жібереді.

Ұлттық орган пысықталған кәсіптік стандарттың жобасын алған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны қарайды және осы Қағидалардың 9-тармағына сәйкес тиісті қорытынды береді.";

11, 12 және 13-тармақтар алып тасталсын;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік орган кәсіптік стандарттың жобасын келісу үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган кәсіптік стандарттың жобасын келіп түскен күннен кейін бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Кәсіптік стандарттың жобасын бекіту "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағының екінші абзацына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік орган кәсіптік стандарт алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде сілтемені Ұлттық органға жібереді және оны ҰБЖ цифрлық платформасында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру қағидаларын айқындау және олардың үлгілік ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33416 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестерді құру қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Салалық кеңес құрамына:

- 1) мемлекеттік органның және олардың құрылымдық бөлімшелерінің;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының;
- 3) Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық органның;
- 4) жұмыс берушілердің;
- 5) салалық кәсіптік одақтардың (бар болса);
- 6) жұмыс берушілердің салалық бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары), олар болмаған кезде салалық ұйымдардың (бар болса);
- 7) тиісті салада (аяда) білім беру бағдарламаларын іске асыратын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының;
- 8) тиісті салада (аяда) білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының екеуден аспайтын өкілдері кіреді .";

мынадай мазмұндағы 12, 13, 14 және 15-тармақтармен толықтырылсын:

"12. Салалық кеңестің мүшесін салалық кеңестің құрамынан шығару мынадай жағдайларда:

1) салалық кеңестің мүшесін салалық кеңестің құрамынан шығару туралы еркін нысандағы жазбаша өтініш негізінде ерікті тәртіппен;

2) осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі комиссия хаттамасы негізінде мәжбүрлеу тәртібімен жүзеге асырылады.

13. Салалық кеңес мүшесін ерікті түрде салалық кеңес құрамынан шығару үшін өтініш беруші мемлекеттік органның бірінші басшысының атына еркін нысанда өтініш жібереді.

Салалық кеңес мүшесін салалық кеңес құрамынан шығару туралы шешім салалық кеңестің отырысында өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қабылданады.

14. Салалық кеңес мүшесін салалық кеңес құрамынан мәжбүрлеу тәртібімен шығару үшін жағдайдың басталуы мынадай жағдайларда:

1) уәкілетті орган бекіткен Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес туралы ережеде көзделген міндеттердің орындалмауы және (немесе) бұзылуы;

2) іскерлік қатынастарда этикалық қағидаттар мен нормалардың бұзылуы;

3) салалық кеңестің беделіне және (немесе) мүдделеріне нұқсан келтіру жолымен қызметтің бұзылуы;

4) салалық кеңес мүшелерінің міндеттерді объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысының болуы;

5) салалық кеңестің үш және одан да көп отырыстарында күнтізбелік бір жыл ішінде дәлелді себептерсіз болмауы;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату кезінде жүзеге асырылады.

15. Салалық кеңестің мүшесін салалық кеңестің құрамынан шығару жөніндегі мәселені қарау мәжбүрлеу тәртібімен төрағаның, төраға орынбасарының және (немесе) оның кез келген мүшесінің бастамасы бойынша жүзеге асырылады.

Өтініш беруші өтінішті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда жібереді.

Өтінішті берген кезде әрекетіне шағым жасалатын лауазымды адамдардың лауазымы, тегі және аты-жөні, өтініштің себептері мен талаптары көрсетіледі.

Жеті жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның бұйрығымен мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

Комиссия тақ саннан (кемінде бес) және комиссия хатшысынан құрылады. Комиссия хатшысы оның мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

Комиссия өз қызметін отырыстар нысанында (күндізгі форматта немесе бейне-конференц-байланыс режимінде) жүзеге асырады.

Шағым түскен салалық кеңес мүшесі тыңдау өткізу форматы, күні, уақыты мен орны туралы комиссия отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын хабардар етіледі.

Комиссия отырысы, егер оған комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Комиссияның шешімі отырыс өткізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей еркін нысандағы хаттамамен ресімделеді және оған қатысты шағым түскен салалық кеңес мүшесінің назарына жеткізіледі.

Комиссияның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексімен реттеледі.";

көрсетілген Бұйрықта 2-қосымша осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта бастау және тоқтату қағидаларын, сондай-ақ аккредиттеуден кейінгі шарттың үлгілік нысаны мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрінің 2023 жылғы 9 қыркүйектегі № 381 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33407 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрығымен бекітілген Кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын аккредиттеу, аккредиттеу аттестатын қайта рәсімдеу, кері қайтарып алу, оның қолданысын қайта бастау және тоқтату қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – Ұлттық палата) тану орталықтарын аккредиттеуді уәкілетті органмен келісу бойынша ерікті және өтеусіз негіздерде жүргізеді.

Кәсіптік біліктілікті аккредиттелген тану орталықтары тану жүзеге асырылатын кәсіптер тізбесін кеңейту кезінде қайта аккредиттеу жүргізіледі.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өтініш беруші аккредиттеуден өту үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кәсіпкерлер палатасына (бұдан әрі – өңірлік палата) мынадай құжаттарды қағазда немесе цифрлық платформа арқылы электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде ұсынады:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеуге өтініш, онда өтініш беруші кәсіптік біліктіліктерін тануды жүзеге асыратын кәсіптердің атауы да көрсетіледі;

2) өтініш берушіні заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3) меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығындағы, бірлескен қызмет туралы шарт негізінде немесе уақытша иелену мен пайдалануда кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі жұмыстарды орындау үшін талап етілетін үй-жайлардың, жабдықтар мен материалдық ресурстардың болуын растайтын құжат;

Кәсіптік біліктілікті тануды жүргізу үшін жабдықтар мен материалдық ресурстардың тізбесін тану орталығы біліктілік бағдарламасында көрсетеді;

4) біліктілік бағдарламаларының жобалары;

5) мынадай талаптарға сәйкес келетін кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін білікті персонал туралы мәліметтер:

саланың (аяның) тиісті бағыты бойынша кемінде 3 (үш) жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

салалық біліктілік шеңберіне сәйкес мәлімделген кәсіптер бойынша талаптарға сәйкес тиісті білім деңгейінің болуы;

кәсіптік біліктілікті тану жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы.

Өтініш беруші құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, өңірлік палата 3 (үш) жұмыс күні ішінде

өтініш берушіге қайтару себептерін көрсете отырып, электрондық нысанда құжаттарды қайтарады не бұрын қағаз нысанда ұсынылған құжаттарды оған қол қойғызып, қолма-қол тапсырады.

Құжаттардың толық топтамасы болған кезде құрамы өңірлік палатаның бұйрығымен бекітілетін салалық жұмыс тобы өтініш келіп түскен күннен бастап есептелетін 9 (тоғыз) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізеді.

Қайта аккредиттеуден өту үшін өтініш беруші өңірлік палатаға осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қағазда немесе цифрлық платформа арқылы электрондық нысанда қазақ және орыс тілдерінде ұсынады.

3 (үш) жұмыс күні ішінде:

өтініш беруші осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, өңірлік палата өтініш берушіге қайтару себептерін көрсете отырып, электрондық нысанда құжаттарды қайтарады не бұрын қағаз нысанда ұсынылған құжаттарды оған қол қойғызып, қолма-қол тапсырады;

осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген толық топтамасы болған кезде құрамы өңірлік палатаның бұйрығымен бекітілетін салалық жұмыс тобы ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізеді.

6. Аккредиттеуден өту үшін ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізу кезінде:

1) өтініш берушінің заңды тұлға мәртебесінің болуы;

2) өтініш берушінің меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығында, бірлескен қызмет туралы шарт негізінде немесе уақытша иелену мен пайдалануда тізбесі біліктілік бағдарламасының жобасында айқындалған үй-жайлардың, жабдықтар мен материалдық ресурстардың болуы;

3) мәлімделген тізілімде кәсіптердің болуы;

4) біліктілік бағдарламалары жобаларының Заңның 17-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекіткен Біліктілік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігі;

5) өтініш берушіде осы Қағидалардың 5-тармағының 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес келетін білікті персоналдың болуы;

6) өтініш берушіде Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасына сәйкес білім беру қызметімен айналысуға лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болмауы ескеріледі.

Қайта аккредиттеуден өту үшін ұсынылған құжаттарға сараптама жүргізу кезінде осы тармақтың 1), 3), 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген талаптар ескеріледі.

Салалық жұмыс тобы қайта аккредиттеуді жүргізу үшін қажет болған жағдайда өтініш берушіден осы Қағидалардың 5-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды сұратады.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарда берілген ақпараттың нақты жай-күйіне сәйкестігін бағалау мақсатында өтініш берушіні орналасқан жері бойынша тексеруді өтініш берушінің орналасқан жері бойынша салалық жұмыс тобы оған хабарламаны қолма-қол немесе электрондық нысанда өтініш берушінің байланыс деректерінде көрсетілген электрондық поштаға жіберген күннен кейін есептелетін 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді. Салалық жұмыс тобы қайта аккредиттеуден өту үшін өтініш берушіні орналасқан жері бойынша тексеруді қажет болған жағдайда өтініш берушіден осы Қағидалардың 5-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды сұратқаннан кейін жүргізеді.

Өтініш берушінің орналасқан жері бойынша тексеру аяқталған күннен кейін есептелетін 1 (бір) жұмыс күні ішінде салалық жұмыс тобы құжаттарда берілген ақпараттың өтініш берушінің орналасқан жері бойынша нақты жай-күйіне сәйкестігін бағалау туралы есеп қалыптастырады.

Салалық жұмыс тобы ұсынылған құжаттардағы ақпараттың өтініш берушінің орналасқан жері бойынша нақты жай-күйіне сәйкессіздігі туралы есепті шығарған кезде өңірлік кәсіпкерлер палатасының жұмыскері оны зерттеп-қараған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге құжаттарды электрондық нысанда қайтарады не бұрын қағаз нысанда ұсынылған құжаттарды қол қойғызып қолма-қол тапсырады, өтініш берушіні тексеру қорытындысы бойынша өтініш берушіге қол қою арқылы табыс етеді.

Салалық жұмыс тобы ұсынылған құжаттардағы ақпараттың өтініш берушінің орналасқан жері бойынша нақты жай-күйіне сәйкестігі туралы есеп шығарған кезде:

қайта аккредиттеуді жүргізу кезінде өңірлік кәсіпкерлер палатасының жұмыскері 3 (үш) жұмыс күні ішінде сараптама қорытындысын және өтініш берушінің орналасқан жері бойынша тексеру есебін Ұлттық палатаға жібереді;

аккредиттеу жүргізу кезінде оны аккредиттеу жөніндегі құжаттар орналасқан жері бойынша құжаттарға ұсынылған ақпараттардың өтініш берушінің нақты жай-күйіне сәйкестігін бағалау туралы есеп қалыптастырылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Өңірлік кеңестің қарауына шығарылады.

Өңірлік кеңес ұсынылған құжаттардағы ақпарат қарауға шығарылған күннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде олардың сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасының жұмыскері өңірлік кеңестің шешімі шығарылған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны, сараптама қорытындысын және өтініш берушінің орналасқан жері бойынша тексеру есебін Ұлттық палатаға жібереді.";

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Уәкілетті орган Ұлттық палата жіберген құжаттарды алған күннен кейін есептелетін 5 (бес) жұмыс күні ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімнің жобасын келіседі;

2) аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімнің жобасын пысықтау бойынша ұсынымдар жібереді;

3) бас тарту себептерін негіздей отырып, аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімнің жобасын келісуден бас тартады.

Ұлттық палата 5 және одан да көп өтініш берушіні аккредиттеуге жіберген жағдайда, уәкілетті органның шешім қабылдау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Уәкілетті орган аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді Ұлттық палатаның осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тану орталықтарын аккредиттеу кезеңдерін өткізуіне сәйкес қабылдайды.

Тану орталығын аккредиттеу туралы немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешімді Ұлттық палата ұсынылған құжаттарды сараптау және оның орналасқан жері бойынша тексеру нәтижелері негізінде:

аккредиттеуден өту үшін уәкілетті органның шешімін алған күннен кейін есептелетін 10 (он) жұмыс күні ішінде;

қайта аккредиттеуден өту үшін уәкілетті органның шешімін алған күннен кейін есептелетін 3 (үш) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

11. Ұлттық палата аккредиттеуді жүргізу кезінде аккредиттеу туралы шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

аккредиттеу аттестатын беруді жүзеге асырады;

цифрлық платформада аккредиттелген тану орталықтарының тізіліміне деректерді (тану орталығының атауы, сериялық нөмірін, салалық тиесілігін, кәсіптік біліктіліктерін тану жүзеге асырылатын кәсіпті көрсете отырып, аккредиттеу аттестатын беру күні) енгізеді;

тану орталығымен аккредиттеуден кейінгі шарт жасайды.

Ұлттық палата қайта аккредиттеуді жүргізу кезінде аккредиттеу туралы шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

жаңартылған аккредиттеу аттестатын беруді жүзеге асырады;

цифрлық платформада аккредиттелген тану орталықтарының тізілімінде деректерді (тану орталығының атауы, сериялық нөмірін, салалық тиесілігін, кәсіптік біліктіліктерін тану жүзеге асырылатын кәсіпті көрсете отырып, аккредиттеу аттестатын беру күні) жаңартады;

тану орталығымен жаңартылған аккредиттеуден кейінгі шарт жасайды.

Аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі аккредиттеу аттестаты берілген күннен бастап 3 (үш) жылға белгіленеді.

Аккредиттеуден бас тартқан кезде өтініш берушіге шешім қабылданған күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде жазбаша (қағаз және (немесе) электрондық) нысанда бас тарту себептері көрсетілген жауап жіберіледі.

Аккредиттеуден бас тарту жөніндегі шешіммен келіспеген жағдайда, өтініш беруші осы шешімге сот тәртібімен шағымданады.

Сотта шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі."

6. "Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 14 қыркүйектегі № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33416 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. СБШ-ны осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес салалық біліктілік шеңберінің құрылымға сәйкес мемлекеттік органдар ҰБЖ цифрлық платформасында әзірлейді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Мемлекеттік орган салалық кеңес бекіткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде СБШ-ны мемлекеттік және орыс тілдерінде ҰБЖ цифрлық платформасында өзектендіреді.";

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу қағидаларын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі № 399 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33455 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кәсіптер тізілімін қалыптастыру, жаңарту және жүргізу қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) Заңның 14-бабы 1) тармақшасына сәйкес салалық мемлекеттік органдарға кәсіптерді Тізілімге енгізу жөнінде ұсыныстар жолдайды.

Салалық мемлекеттік органдар кәсіптерді Тізілімге енгізу жөніндегі ұсыныстарды пысықтау бойынша ұсынымдар болған кезде оларды жұмыс берушілердің бірлестіктеріне (қауымдастықтарына, одақтарына) жібереді. Кәсіптерді тізілімге енгізу жөніндегі ұсыныстарды жұмыс берушілердің бірлестіктері (қауымдастықтары, одақтары) пысықтайды және салалық мемлекеттік органдарға қайта жібереді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Ұсыныстар әзірлеу кезінде салалық мемлекеттік органдар:

1) халықтың денсаулығына, тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге және қауіпсіздігіне байланысты кәсіп түрінің сипатын;

2) кәсіптердің еңбек нарығында, оның ішінде кәсіптердің ағымдағы және болашақ кезеңдердегі өзектілігін ескере отырып, кәсіптік біліктіліктерді тануда еңбек нарығының қажеттілігін қалыптастыру қорытындылары бойынша сұранысқа ие болуын ;

3) кәсіптің бекітілген кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған жағдайда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес белгіленген қолданыстағы біліктілік талаптарында болуын ескереді.";

көрсетілген Қағидаларға қосымша осы тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

1-қосымша

Біліктілік бағдарламаларын,
сондай-ақ оларға қойылатын
талаптарды әзірлеу және
бекіту қағидаларына

1-қосымша

Біліктілік бағдарламаларына қойылатын талаптар

Біліктілік бағдарламалары:

1) Жалпы ережелер, атап айтқанда:

біліктілік бағдарламасының атауы, тиісті кәсіптік стандарттың атауына нұсқау, ал ол болмаған кезде – белгілі бір жабдықты, әдіснаманы және (немесе) құралдарды пайдалана отырып, белгілі бір жұмыс жағдайларында білімді, іскерлікті және дағдыларды қолдану жөніндегі біліктілік талаптарына (біліктілік талаптарын қоса бере отырып) нұсқау;

гlossарий (біліктілік бағдарламасында пайдаланылатын терминдер мен анықтамалардың, қысқартулардың тізбесін қамтиды);

Біліктіліктің сипаттамасы (кәсіптің коды мен атауы, ұлттық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі – ҰБШ)/салалық біліктілік шеңберінің (бұдан әрі - СБШ), еңбек функцияларының сипаттамасы, жеке дағдыны немесе дағдылар тобын тану, жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, формалды емес және информалды білім беру кезіндегі тану шарттары, тыйым салулар мен шектеулер, пайдаланылатын жабдықтар, әдіснамалар және құралдар);

емтиханның құрылымы мен форматы (онлайн және (немесе) офлайн): емтихан құрылымының сипаттамасы және емтиханның форматы (онлайн және (немесе) офлайн)

көрсетіледі. Мамандыққа, кәсіптік біліктілікке және салалық ерекшелікке қойылатын талаптарға байланысты емтихан теориялық білімді тексеруге арналған тапсырмаларды, сондай-ақ емтиханның әр кезеңін тапсыру ұзақтығы, шарттары мен реттілігін көрсете отырып, кәсіптік дағдылар мен дағдыларды тексеруге арналған практикалық тапсырмаларды қамтиды;

бағалау құрылымы: үміткердің емтиханның теориялық және практикалық кезеңін, қажетті кәсіптік біліктілікке сәйкестігі туралы білімін, машығы мен дағдыларын сәтті орындау критерийлеріне негізделген қорытынды бағалау қалай қалыптасатыны көрсетіледі. Бағалау кезінде емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінен өту, жеке құзыреттіліктерді бағалау үшін баллдарды бөлудің үлестік градациясы анықталады;

2) емтиханның теориялық кезеңі туралы мәліметтер, атап айтқанда:

теориялық білімді тексеруге арналған тапсырмалар туралы ақпарат: теориялық сұрақтарға жазбаша немесе ауызша жауаптар, принциптерді, фактілерді, тұжырымдамалар мен теорияларды түсінуді өлшеу.

3) емтиханның практикалық кезеңі туралы мәліметтер, атап айтқанда:

практикалық дағдылар мен дағдыларды тексеруге арналған тапсырмалардың түрі мен мазмұны туралы ақпарат. Мысалы, есептеулерді орындау, жағдайды және әрекетті жағдайға жауап ретінде модельдеу, сұхбат, тапсырманы іс жүзінде орындау;

кәсіптік біліктілік үшін қажет дағдылардың тізімі.

Практикалық жұмысты сипаттау үшін біліктілік бойынша технологиялық карта және (немесе) жеке дағды немесе дағдылар тобы бойынша технологиялық карта қолданылады. Технологиялық карта практикалық жұмысты орындау алгоритмін кезеңдер, шикізат немесе материалдар саны, қажетті жабдықтардың тізімі, шарттар, процестер, дайын өнімге қойылатын талаптар, уақыт нормалары көрсетілген схема түрінде сипаттайды.

Бұл ретте жабдықты пайдалану, қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар көрсетіледі.

Емтиханның практикалық кезеңі мыналарды қамтиды:

1) жұмыс материалдарын (құралдарын) іріктеу және практикалық тапсырманы орындауға дайындау және тапсырманы орындау жоспарын әзірлеу;

2) жеке қорғаныс құралдарын таңдау (жеке қорғаныс құралдарының кездейсоқ жиынтығынан: көзілдірік, дулыға, қолғап, алжапқыш және т. б.);

3) тапсырманы іс жүзінде орындау;

4) міндетті негізде жүргізілетін және кәсіптік біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес (кәсіптік стандарттарда, ал олар болмаған кезде – біліктілік талаптарында) жеке құзыреттерді бағалау әдістерін қамтитын жеке құзыреттерді бағалау;

5) бағалау критерийлері: емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерін бағалау әдістері.

Емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерін, жеке құзыреттіліктерді бағалау кезінде "тапсырды" және "тапсырған жоқ" бағасы қолданылады. Емтиханның теориялық кезеңіндегі сұрақтардың жалпы санынан 70 (жетпіс) пайыздан астам дұрыс жауап алған үміткер емтиханның практикалық кезеңін тапсыруға жіберіледі.

Емтиханның теориялық және практикалық кезеңдерінің нәтижелері кәсіби біліктілікті танудың қорытынды бағасын қалыптастыру кезінде ескеріледі.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

2-қосымша

Біліктілік бағдарламаларын,
сондай-ақ оларға қойылатын
талаптарды әзірлеу және
бекіту қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Біліктілік бағдарламасы

Кәсіптік біліктілікті тану орталығы _____

(толық атауы, заңды мекенжайы)

Кәсіптік стандарт (кәсіптік стандарттар) немесе біліктілік талаптары _____

(құжаттардың толық тізімі)

1 тарау. "Жалпы ережелер"	
Біліктілік бағдарламасының атауы	
Глоссарий	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Кәсіп коды	
Мамандықтың атауы	
Еңбек қызметінің түрі	
ҰБШ/СБШ деңгейі	
Еңбек функциясы	
Кәсіби міндет	
Дағды	
Білім	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	
Тғйымдар мен шектеулер	
Формалды емес білім беруді тану шарттары	
Информалды білім беруді тану шарттары	
Жеке дағдыларды немесе дағдылар тобын тану	

Кәсіби міндет	
Дағды	
Білім	
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар	
Тыйымдар мен шектеулер	
Формалды емес білім беруді тану шарттары	
Информалды білім беруді тану шарттары	
Емтиханның құрылымы мен форматы	
Пайдаланылатын жабдықтардың тізбесі	
2 тарау. "Емтиханның теориялық кезеңі туралы мәліметтер"	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Теориялық кезеңнің формалары мен әдістерін сипаттау	
Теориялық тапсырмалардың мысалдары	
Жеке дағдыларды немесе дағдылар тобын тану	
Теориялық кезеңнің формалары мен әдістерін сипаттау	
Теориялық тапсырмалардың мысалдары	
3-тарау. "Емтиханның практикалық кезеңі туралы мәліметтер"	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Практикалық кезеңнің формалары мен әдістерін сипаттау	
Практикалық жұмыстардың тізімі	
Практикалық жұмыстарды орындау дағдыларының тізімі	
Практикалық жұмысты орындау үшін технологиялық картаның мысалы мен сипаттамасы	
Жабдықты пайдалану, қауіпсіздік техникасы бойынша талаптар	
Жеке дағдыларды немесе дағдылар тобын тану	
Практикалық кезеңнің формалары мен әдістерін сипаттау	
Практикалық жұмыстардың тізімі	
Практикалық жұмыстарды орындау дағдыларының тізімі	
Практикалық жұмысты орындау үшін технологиялық картаның мысалы мен сипаттамасы	
4-тарау. "Жеке құзыреттілікті бағалау"	
Кәсіптік біліктілікті тану	
Жеке құзыреттілікті бағалаудың нысандары мен әдістерін сипаттау	
Кәсіп шеңберінде бағалау жүргізу үшін жеке құзыреттердің тізбесі	

Жеке дағдыларды немесе дағдылар тобын тану	
Жеке құзыреттілікті бағалаудың нысандары мен әдістерін сипаттау	
Жеке дағды немесе дағдылар тобы шеңберінде бағалау жүргізуге арналған жеке құзыреттердің тізбесі	
5-тарау. "Бағалау критерийлері"	
Теориялық кезеңді бағалауға қойылатын талаптар	
Емтиханның теориялық кезеңінен өту үшін ұпайлардың үлестік градациясын анықтау	
Практикалық кезеңді бағалауға қойылатын талаптар	
Емтиханның практикалық кезеңінен өту үшін балдардың үлестік градациясын анықтау	
Жеке құзыреттерді бағалауға қойылатын талаптар	
Жеке құзыреттіліктерді бағалаудан өту үшін балдардың үлестік градациясын анықтау	
Кәсіби біліктілікті танудың қорытынды бағасын қалыптастырудың сипаттамасы	
Біліктілік бағдарламасын бекіту күні	

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне

3-қосымша

Кәсіптік стандарттарды
әзірлеу және (немесе)
жаңарту қағидаларына

2-қосымша

Нысан

_____ жылға арналған кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөніндегі жоспар

p/c	Әзірлеу-шінің атауы	Кәсіптік стандарт саласының (аясының) атауы	Кәсіптік стандарт-тың атауы	Кәсіптер кар-точкалары-ның (карточ-қасының) атаулары	Кәсіптік стандартты бекіту мерзімі	Қаржы-ландыру көздері, млн. тг.	Жауапты тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
1.							
2.							
3.							
...							
...							
...							

...							
...							

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
2023 жылғы 8 қыркүйектегі
№ 378 бұйрығына
2-қосымша

Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы үлгілік ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы үлгілік ереже (бұдан әрі – Үлгілік ереже) "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес әзірленді.

2. Осы Үлгілік ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес және (немесе) информформалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

2) кәсіптер тізілімі – кәсіптік біліктілікті тану жүзеге асырылатын кәсіптер бойынша электрондық нысанда жүйеленген ақпарат жиынтығы;

3) салалық біліктілік шеңбері – Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптауышының, Ұлттық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленетін және салада орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және пайдаланылатын білімнің, машықтың және құзыреттің сипатына қарай деңгейлер бойынша маманның біліктілігіне қойылатын талаптарды сыныптайтын құжат;

4) салалық мемлекеттік орган (бұдан әрі – мемлекеттік орган) – мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) ұлттық біліктілік шеңбері – әрбір біліктілік деңгейі үшін кәсіптік қызметтің жалпы сипаттамаларын және білім деңгейін сипаттайтын құжат.

2-тарау. Салалық кеңестердің негізгі мақсаты мен өкілеттіктері

3. Салалық кеңестің мақсаты мемлекеттік басқарудың тиісті саласында (аясында) кәсіптік біліктілікті дамыту жөніндегі мәселелерді үйлестіру болып табылады.

4. Осы мақсатты орындау үшін салалық кеңестер:

- 1) мемлекеттік орган әзірлеген салалық біліктілік шеңберлерін бекітеді;
- 2) мемлекеттік орган әзірлеген кәсіптік стандарттарды келіседі;
- 3) мемлекеттік органның кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарын келіседі;
- 4) мемлекеттік органның кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) жаңарту жөніндегі ұсыныстарын келіседі;
- 5) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша мемлекеттік органның ұсыныстарын келіседі.

5. Салалық кеңес өз өкілеттіктерін орындау кезінде:

- 1) өз қызметін жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан ақпараттық-талдамалық және анықтамалық деректер алады;
- 2) коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті материалдарды сұратады және алады;
- 3) мемлекеттік органға кәсіптік біліктілікті тану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді өзгерту және жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлейді және енгізеді;
- 4) міндетті немесе ерікті негізде тану ұсынылатын кәсіптер, кәсіптік біліктіліктер бойынша ұсыныстарды әзірлейді және мемлекеттік органға енгізеді;
- 5) Ұлттық біліктілік жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлейді және мемлекеттік органға енгізеді.

3-тарау. Салалық кеңестің қызметін ұйымдастыру

6. Салалық кеңестің сандық құрамын салалық мемлекеттік орган айқындайды.

7. Салалық кеңестің төрағасы оның мүшелері арасынан сайланады. Салалық кеңес төрағасының орынбасары болып мемлекеттік органның бірінші басшысының орынбасары тағайындалады.

Салалық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда оны салалық кеңес төрағасының орынбасары алмастырады.

8. Заңның 9 бабына сәйкес салалық кеңестің мүшелері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде кәсіптік біліктілікті тану саласындағы нормативтік құқықтық актілермен белгіленген мерзімдерді басшылыққа алады.

9. Салалық кеңестердің отырыстары салалық кеңес мүшелерінің тікелей қатысуымен және (немесе) қашықтық режимде өткізіледі. Отырысты қашықтықтан өткізу кезінде мемлекеттік орган салалық кеңес мүшелерімен үздіксіз бейнеконференцбайланысты қамтамасыз етеді.

Салалық кеңестің отырыстары жұмыс жоспарына және салалық кеңестер отырыстарының кестесіне сәйкес өткізіледі.

Салалық кеңестің отырысы мүшелердің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

10. Шешімді салалық кеңес дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады.

Салалық кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді, оған салалық кеңестің отырысында төрағалық етуші қол қояды.

11. Мемлекеттік орган салалық кеңестің жұмыс органы болып табылады.

12. Салалық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық сүйемелдеуді мемлекеттік органның қызметкерлері қатарынан тағайындалатын салалық кеңестің хатшысы жүзеге асырады. Хатшы салалық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

Салалық кеңестің хатшысы:

1) салалық кеңестің жұмысын ұйымдастырады;

2) салалық кеңестің отырысына енгізілетін мәселелер бойынша материалдар дайындауды жүзеге асырады;

3) салалық кеңес отырысының қорытындылары бойынша хаттаманы дайындауды және оған қол қоюды қамтамасыз етеді;

4) салалық кеңес өткізілетін күнге дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей салалық кеңес мүшелерін салалық кеңес отырысының өтетін орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді және оларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді;

5) салалық кеңес отырысының шешімдері бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде хаттаманың көшірмесін салалық кеңес мүшелеріне жібереді.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Салалық біліктілік
шеңберлерін әзірлеу және
(немесе) жаңарту қағидаларына
қосымша

Салалық біліктілік шеңберінің құрылымы

1. СБШ атауы, бекітілген күні.

2. СБШ паспорты: саласының (аясының) сипаттамасын, экономикалық қызмет түрін , СБШ әзірленген кәсіптік топтар мен кіші топтарды қамтиды.

3. Жалпы ережелер: СБШ-ның негізгі көзқарасын, мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі.

4. Саланың (аяның) ағымдағы жай-күйі: кәсіптік қызмет түрінің/кіші түрінің және кәсіптік қызмет түрінің/кіші түрінің басқа кәсіптік қызмет түрлерімен/кіші түрлерімен бес бөлім бойынша (басқару процестері, өндірістік процесті дайындау, негізгі өндірістік процестер, өндірістен кейінгі процестер (өткізу), қосалқы процестер (қамтамасыз ету) бойынша өзара байланысының сипаттамасын қамтиды. Салаға (аяға) кіретін кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің негізгі көрсеткіштері, қызметтердің және/немесе өнімнің негізгі түрлері мен көлемі, негізгі қызмет және т. б.

5. Саланы (аяны) талдау: халықаралық, ұлттық және салалық статистиканың нәтижелерін қамтиды. Жаңа технологиялардың, халықаралық үрдістердің сипаттамасы, нормативтік база: ғылыми зерттеулер мен үздік салалық практикалардың материалдары, стратегиялар, мемлекеттік бағдарламалар мен жобалар, уәкілетті органдар мен кәсіби қоғамдастықтардың есептері мен материалдары. Кәсіптік-біліктілік бөлінісінде сала (аяның) құрылымын талдау, жаңа кәсіптер мен біліктіліктер: атаулар, жаңа талаптар, кәсіптік қызметтің нәтижелері, өзгеру перспективалары. Жұмыс күшінің күтілетін сұранысы мен ұсынысы. Таңдалған дескрипторлардың сипаттамасы.

6. ЭҚЖЖ бойынша кәсіптік қызметтің әрбір түрінің кәсіпорындарында ҰКС бойынша қызметтер мен кәсіптердің негізгі топтарының сипаттамасы және олардың білімі (дипломдар, сертификаттар, куәліктер) және жұмыс тәжірибесі бойынша тиісті біліктіліктер.

7. Саланың (аяның) кәсіптік стандарттарының тізбесі: қолданыстағы және әзірлеуге жоспарланған.

8. Қорытындылар мен ұсыныстар: ҰКС, білім беру сыныптауыштарын және т.б. жаңарту бойынша ұсыныстарды қамтиды.

9. СБШ біліктілік деңгейлерінің кестелік форматтағы сипаттамасы (1-кесте).

1-кесте. СБШ біліктілік деңгейлерінің сипаттамасы

С Б Ш деңгейі	ҰКС-тегі кәсіп	Ұ Б Ш деңгейі	Кезеңдер	Ұжымдық еңбек бөлінісіндегі рөлі (оның ішінде жауапкершілік саласы)	Білім	Машықтар (Дағдылар)	Жеке кәсіпкерліктер
1	2	3	4	5	6	7	8
1-бөлім. Сабақтас және өтпелі басқару процестері							
2-бөлім. Салалық процестер (салалық шекараларды анықтайды)							
3-бөлім. Дайындық салааралық процестер							
4-бөлім. Өндірістен кейінгі салааралық процестер (өткізу)							

10. Кәсіптік топтардағы кәсіптерді көрсете отырып, кәсіптік біліктіліктің функционалдық картасы (2-кесте), жұмыскерлердің ықтимал кәсіптік дамуын көрсету

үшін кәсіптер/қызметтер арасындағы байланысты көрсету ұсынылады. Кәсіби даму көлденең – СБШ-ның бір біліктілік деңгейі шегінде де, сол сияқты сатылы – әртүрлі біліктілік деңгейлері бойынша да жүруі мүмкін.

2-кесте. Кәсіптік топтардағы кәсіптерді көрсете отырып, кәсіптік біліктіліктің функционалдық картасы

СБШ деңгейі	ҚР ҰКС бойынша кәсіптік топтар									

11. 2008 (ISCO-08) Кәсіптер сыныптаушының халықаралық стандартын және ҰКС ескере отырып, СБШ-дағы кәсіптік біліктілік картасы (3-кесте)

3-кесте. Кәсіптік біліктілік картасы

№	2008 Кәсіптер сыныптаушының халықаралық стандарты (бастауыш топтар)			Сәйкестік	01-2017 ҰКС (бастауыш топтар)			Сәйкестік	01-2017 ҰКС (қызметтер топтары)		
	СХСЖ коды	Ағылшын тіліндегі атауы	Қазақ/орыс тілдеріндегі атауы		ҰКС коды	Қазақ тілдегі атауы	Орыс тіліндегі атауы		ҰКС коды	Қазақ тілдегі атауы	Орыс тіліндегі атауы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

01-2017 ҰКС (қызметтердің негізгі топтар)	01-2017 ҰКС (кәсіптің атауы)	01-2017 ҰКС (дағдылар деңгейі)	ҰБШ деңгейі	СБШ деңгейі	ЭҚЖЖ секциясы (салалық бағыттар)
					ЭҚЖЖ бөлімі
					ЭҚЖЖ тобы (кіші салалар бағыты)
					ЭҚЖЖ сыныбы (технология)
13	14	15	16	17	ЭҚЖЖ кіші сыныбы (өнім\қызмет)
					18

12. СБШ ресімдеуге қойылатын талаптар.

Салалық біліктілік шеңберінің мәтіні Times New Roman қаріпімен, 14 кегльмен, бір жоларалық интервалмен ресімделеді. Бөлімдердің атаулары 14 кегльмен қалың бөлу арқылы орындалады. Кестелердің ішіндегі мәтін 12 кегльмен орындалады. Беттерді белгілеу кітап бағдарында, жиектердің өлшемі: оң жағы – 15 миллиметр (бұдан әрі – мм), сол жағы – 30 мм, жоғары және төменгі жағы – 20 мм. Бет нөмірлері әр парақтың жоғарғы ортасында араб цифрларымен көрсетіледі.

Ескерту.

СБШ біліктілік деңгейлерінің сипаттамасы, кәсіптік топтардағы кәсіптері көрсетілген кәсіптік біліктіліктердің функционалдық картасы, кәсіптік біліктіліктер картасы электрондық түрде xls (Microsoft Excel) форматында толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің өзгерістер
мен толықтырулар енгізілетін
кейбір бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Кәсіптер тізілімін
калыптастыру, жаңарту және
жүргізу қағидаларына
қосымша
Нысан

Кәсіптер тізілімі

P/c	ҰКС сәйкес кәсіптің атауы	ҰКС сәйкес код	Нормативтік құқықтық актінің атауы (міндетті негізде) / кәсіптік стандарттың немесе біліктілік талаптарының атауы (ерікті негізде)	ҰБШ және СБШ сәйкес біліктілік деңгейі (бірнеше деңгей болған жағдайда, кәсіп деңгейі санына сәйкес келесі жолда жолдарда) қайта көрсетіледі)	Кәсіптік біліктілікті танудан өту қорытындылары бойынша алынатын құжаттың қолданылу мерзімі	Салалық мемлекеттік органның атауы	Кәсіп бейіні (т – техникалық бейін, әг – әлеуметтік-гуманитарлық бейін)
1	2	3	4	5	6	7	8
Міндетті негізде жүзеге асырылатын кәсіптік біліктілікті тану							
1.							
2.							
3.							
...							
Ерікті негізде жүзеге асырылатын кәсіптік біліктілікті тану							
1.							
2.							
3.							
...							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК